

# СЕРИАЛ КИНОӨНІМІНІҢ БҰҚАРАЛЫҚ ҚҰРАЛ РЕТІНДЕГІ ДАМУ ПРИНЦИПТЕРІ

DEVELOPMENT PRINCIPLES OF SERIAL FILM PRODUCTION AS A MASS MEDIA

А. Шорабек / Adilkhan Shorabek<sup>1</sup>, Локман Зор / Lokman Zor<sup>2</sup>

## Түйіндеме

Телесериал – бұқаралық мәдениеттің маңызды бөлігі ретінде көрермен аудиториясын кең қамти отырып, ерекше тартымды сюжеті арқылы қоғамға әсерін тигізе алатын бұқаралық құрал. Бүгінгі күні телесериал көрермендерінің саны миллиондап саналады, ал олардың бюджеті миллиондарды құрайды. Оған деген сұраныс жоғары болғандықтан, сериал өндірісі артып келеді. Жыл өткен сайын сериал өнімі, табысты телевизиялық өнімге айналу жолында көптеген өзгерістерге ұшырады. Тақырыптар аумағының кеңеюі, сюжеттік желілерінің әралуандығы, жанрлық өзгерістерге ұшырауы – сериалдың өз көрерменін табуына және телеарнада ерекше орын алуына ықпалын тигізіп отыр. Сонымен қатар киноиндустрияға айтарлықтай саяси және идеологиялық жүк артылатыны анық, сондай-ақ фильмдер мен сериалдар, мүдделі саяси актерлердің қатысуынсыз түсірілмейді. Аталған фактілер телесериал өнімінің қоғам дамуындағы ролі мен өзектілігін айқындайды. Зерттеуде қазіргі телесериалдар – бұқаралық сананың, қоғамның әлеуметтік, мәдени құндылықтарының қалыптасуына әсер ететін қуатты құралдардың бірі ретінде қарастырылып жан жақты зерттеуге талпыныс жасалды.

**Тірек сөздер:** бұқаралық құрал, телесериалдар, мәдени құндылықтар, жанрлық классификация

## Abstract

A television series is a mass media that can satisfy the interests of a TV channel due to its unique plot, coverage of a wide audience as part of mass culture. Today, the number of viewers of television series is in the millions, and their budget is in the millions. Due to the high demand for it, mass production is increasing. The series has gone through many changes over the years on its way to becoming a successful television product. The expansion of the territory of the subject, the variety of storylines, the susceptibility to genre changes - contribute to the series finding its audience and taking a special place on the TV channel. At the same time, it is clear that a significant political and ideological burden is added to the film industry, and films and series cannot be made without the participation of interested political actors. These facts determine the role and relevance of the series in the development of society.

The study attempts to comprehensively study modern television series as one of the powerful tools that influence the formation of mass consciousness, social and cultural values of society.

**Keywords:** Mass media, television series, cultural values, genre classification.

<sup>1</sup> PhD студенті, Т.Қ.Жүргенов атындағы Қазақ ұлттық өнер академиясы (Қазақстан) / PhD student, Kazakh National Academy of Arts named after T.K. Zhurgenov, (Kazakhstan), email:khan\_adil@mail.ru, ORCID: 0000-0003-2596-2567.

<sup>2</sup> PhD, қауымдастырылған профессор, Нийде Омер Халесдемир Университеті (Түркия) / PhD, Assoc. Prof. Niğde Ömer Halisdemir University (Türkiye) email:lokman\_zor@hotmail.com, ORCID: 0000-0001-5352-1254.

## **Кіріспе**

Қазіргі таңда, сериал индустриясы көптеген елдерде жақсы дамыған. Сондықтан да, экрандағы шынайылықты көрсетудің тарихы туралы сөз қозғауға болады. Сериалдарда бейнеленетін шынайылық, көбіне бағдарламалық принциптерге байланысты белгілі бір өзгерістерге ұшырап отырады. Көбіне телеарнаның тағы бір қызметі ескерілмей жатады. Ол – телеарнаның ұрпақтар сабақтастығын «байланыстырушы», «сақтаушы» және тіл жетпейтін ұжымдық тәжірибені жеткізуші құрал қызметін атқаратындығы болып тұр. Бұл қызмет тек жаңалықтар, хроникалар және басқа да ақпарат түрлерін электрондық таспаларда жазып қалдыруда қолданылмайды. Ертеде тұрмыс және мәдениет туралы білім әдебиеттерде жазылса кейінірек XX ғасырдың екінші жартысынан бастап, телевизиялық ойынды өнімдер заманауи өмір жайында мәлімет беретін ақпарат көзіне айналды.

Телесериал – бұқаралық мәдениеттің бір бөлігі ретінде көрермен аудиториясын кең қамти отырып, қызықты сюжеті арқылы телеарнаның коммерциялық мүддесін қанағаттандырады.

## **Телесериал киноөнімі дамуының негізгі аспектілері**

Тақырыпта аталған аспектілерді зерттеу үшін сапалық және сандық әдістер қолданылды. Зерттеу, әлеуметтікжәнеөнер салаларының тарихи, әлеуметтік - мәдени көрсеткіштерін айқындайтын деректер көздеріне сүйенеді. Сонымен қатар зерттеу барысында жүйелік, аналитикалық, статистикалық талдау және басқа әдістер қолданылды.

Экран туындысы ретінде телесериал өткен ғасырдың 1960 жылдары қалыптасты және батыстың ішкі бәсекелес қоғамында дами отырып, бұрынғы КСРО кезіндегі теледраматургияға да өз әсерін тигізді. Көпарталы және интерактивті қоғамда сериалға деген сұраныстың артуы, бұл экран өнімін таратуда кейінгі жылдары сандық телевизия мен ғаламтор желілері арқылы кең белең алып келеді. Статистикалық мәліметтер халықтың 70 %-ның теледидар қарайтынын растайды. Кейбір мемлекеттерде әлеуметтік сала қызметкерлері сериалдың адам психологиясы мен қоғамға алып келетін кері

жақтарын алға тартып, қазіргі заманның басты күрделі мәселелерінің бірі деп санайды.

Шетелде телесериал 1950 жылдардың ортасында теледидардың пайда болуымен бірге бірден дами бастады (сериалдың генезисі 1920-1930 жылдары сериялы радиоспектакльдерден бастау алады). Ал, 1960-жылдардың аяғына қарай сериалдар сапалы бейнежазбаның пайда болуының нәтижесінде ұлттық телеарналардың негізгі прайм-тайм форматына айналды. 1990 жылдардың басында отандық экран мәдениетіне шетелдік белгілі сериалдар енді. Қазақстандық көрермендер назарына телеарналардан «Изаура күң» (Бразилия, 1976-1977) және «Санта Барбара» (АҚШ, 1984-1993), киносыншылар тарапынан елеулі пікірге ие болған алғашқы мистикалық сериал «Твин Пикс» (АҚШ, 1991-1992), «Коломбо» детективі (АҚШ, 1968-2003) және т.б. ұсынылды.

Бұл бағыттағы зерттеулер кеңестік дәуірде кинотану саласында 1970-1980 жылдары қолға алынған болатын. Соның нәтижесінде сол жылдардағы зерттеулердің әдістемелік ерекшелігі, олардың басым бөлігі классикалық өнертану сипатына ие екені айқын болды.

КСРО кеңістігінде көрермен телесериалмен 1964 жылдан (В.Колосовтың «Вызываем огонь на себя») бері таныс болды. 1990 жылдарға қарай КСРО Мемтелерадио телеэкрандар уақытының 100 сағатын телесериалға арнады, олардың арасында – кеңестік бұқаралық мәдениеттің үздік үлгісі болған Т.Лиознованың «Семнадцать мгновений весны»(1973) сериалы (сондай-ақ, батыс Германияның телеэкрандарында көрсетілген), В.Говорухиннің «Место встречи изменить нельзя» және т.б. көп сериялы фильмдермен көрермен жақсы таныс екені белгілі. Кеңестік дәуірде шетелдік сериалдардың көрсетіліміне шектеу қойылып отырды. Көрсетілген күннің өзінде де, олардың саны аса көп болмады. Сол аз сериалдардың қатарында «Четыре танкиста и собака» (Польша, 1966), «Сага о Форсайтах» (Ұлыбритания, 1968), «Таинственный остров капитана Немо» (Испания, 1973) және т.б. болды.

Сериал – отандық телеарнадағы ең жас жанр болып табылады. Қазақстанда ұлттық телеарна ұғымы Тәуелсіздікпен бірге пайда болғанын ескерсек, отандық сериал түсіру 1996 жылдары ғана қолға алынды. Бірақ, өте баяу дамыды. Отандық сериал тарихы ХХ ғасырдың 90 жылдарынан «Тоғысқан тағдырлар» сериалының пайда болуымен бастау алады. Медиаиндустрияның алғашқы негізін қалаушы өнім болған «Тоғысқан тағдырлар» сериалы Қазақстан мен Британияның бірлескен жобасы болып табылады. Түсірілім 1996 жылы басталып 2000 жылы аяқталды. 465 серияны құрайтын бұл алғашқы медиаөнімді танымалдылығы мен саны жағынан әлі күнге дейін ешқандай отандық сериал басып озған жоқ. Оның ізінен «Саранча» телесериалы жарыққа шығып жалғастырғанымен, 2000 жылдардың басындағы он жылға жуық сериал өндірісі толық құлдырауда болды.

Отандық сериалдардың көбісі шет елдік өнімдердің тікелей бейімделген сипатына ие. Сериалды жасау принциптері америкалық телеиндустрияның ұзақ жылдар жасаған еңбектерінің жемістері екенін ескерсек, қазақстандық сериал жасаушылар оны тез игеріп алуды көздейтіндей әсер береді.

### **Заманауи сериалдардың жіктелу түрлері**

Телесериал – өнердің толыққанды түрлерінің өзіне ерекшеліктерін қалыптастырып үйлестірген медиаөнімнің жинақталған жанры. Қалпының қарапайымдылығына қарамай, сериал көп сатылы өнім болып табылады. Телевизиялық сериалды әр қырынан талдауға болады:

1.Сюжетінің біріктірілу әдісіне қарай.Бұл классификация драматургия тұрғысынан қарастырылады және төмендегідей 3 топқа бөлінеді:

а) Жазық немесе көлденең (горизонтальный) сериал – сюжеттік желісі әрбір жаңа эпизодта дамып, қисынмен аяқталып отырады. Әрбір эпизод алдыңғысының жалғасы болып табылады, осылайша себеп-салдар байланысының қатарын қалыптастырады. Әдетте, мұндай сериалдардың басталуында өткен сериялардың үзіндісінен қайталау көрсетіледі. Созылмалы (мыльная) опера – жазық немесе көлденең (горизонтальный) сериал түріне жатады. Бұған «Тоғысқан тағдырларды» жатқызуға болады.

ә) Тік немесе сатылас (вертикальный) сериалдың әрбір сериясында бір оқиға суреттеледі, серия сайын сюжеттік желі дамиды. Серияларды тек басты кейіпкерлер ғана біріктіріп отырады. Әр серияда өз оқиғасымен бірге қосымша кейіпкерлер қосылады. Бұл үлгідегі батыстық және ресейлік келесі сериалдарды айтуға болады: «Misfits» («Тастанды»), «Skins» («Шики өкпе») (жастар сериалы), «House, M.D.» («Доктор Хаус»), «Scrubs» («Емхана»), ресейдің қазақстандық «31 арнадан» беретін «Әкесінің қыздары» («Папины дочки»), «Ворониндер» (Воронины)). Сериал сценарийінің түпкі ойы – әрбір эпизодта басты кейіпкерлер дау-дамайға тап болып, оны шешуге тиісті кейіпкерлердің арасында шиеленіс туындайды. Тік немесе сатылас (вертикальный) сипатындағы сериалдың тағы бір ерекшелігі – көпсериялы телефильмдер ұстанымы негізінде құрылады. Бірақ, елеулі айырмашылықтары бар.

б) Аралас сериалдарға (жазық немесе көлденең-тік немесе сатылас) арналып жазылатын сценарийдің түпкі ойы – оқиға барысында бірден бірнеше шиеленісті жағдай орын алады. Уақытша шиеленістер мен байланыс және оның шешімі әр серия сайын кездесіп, қисынды аяқталады. Сонымен қатар, ол келесі сериямен жалғасып отыратын шиеленістерде көрініс табады. Бұл сериал түріне «Шерлок Холмсты» мысалыға келтіруге болады.

2. Көрсетілу тәсіліне қарай.

а) Жазық немесе көлденең (горизонтальный) сериалдарға қарағанда, тік немесе сатылас (вертикальный) сериалдар эфирден аптасына бір рет бір уақытта беріледі. Сериалдың бұл түрі тәуелсіз және әр эпизодының жеткіліктілігінен ғана емес, жоғарыда айтылғандай эфирден таратылу форматы ерекшелігінен осылай аталады. Бірақ, бұл әдіс Батыстың тәжірибесінде ғана кездеседі. Мысалы, АҚШ-та: «Вампир күнделігі», «Өсекші», «Дәрігер Хаус», «Жанкешті үй шаруасындағы әйелдер» және т.б.

ә) Жазық немесе көлденең (горизонтальный) сериал – аптасына төрт немесе бес күн қатарынан бір уақытта көрсетіледі. Бұл түр қазақстандық барлық телеарналарға тән. Бүгінде Қазақстанның сериал көрсететін бетке ұстар телеарналары осы бағытта жұмыс жасайды. Отандық өнімдерді көбірек

ұсынатын «Қазақстан» ұлттық телеарнасы мен «Хабар» агенттігінің сериалдары өзара бәсекеге түскен. «Қазақстан» телеарнасынан «Біздің ағай» және т.б., «Хабардан» «Махаббатым жүрегімде 2» және т.б. эфирге күнделікті, 10-15 минут айырмашылықпен бір уақытта шығып отырады.

### 3. Құрылымына қарай.

Сериал құрылымы екіге бөлінеді: сыртқы және ішкі.

Сериалдың сыртқы құрылымы оның сериялар саны мен ұзақтығын құрайды.

Мини-сериал (2 мен 12 серия аралығы, ең көп дегенде 24, ұзақтығы 44 пен 52 минутты құрайды) жалғасын қарастырмайды. Бұл формат толықметражды фильмдерге ұқсас келеді. «Тағдыр» – қазақстандық жазық немесе көлденең (горизонтальный) түріндегі мини-сериал болып табылады.

Орта сериалдың (ұзақтығы 25-52 минутты құрайтын 20-45 сериядан тұрады) мини-сериалдан айырмашылығы, соңы ашық күйінде қалады, сонымен қатар, маусымдық жалғасын таба алады. Өндірушінің кез келген уақытта сюжет желісін одан әрі дамытып, жалғастыруға мүмкіндігі бар. Осы ерекшелігі арқылы заманауи телеарналарда сериалдың бұл түрі үлкен сұранысқа ие. Мысалы, отандық «Сырғалым» сериалы жазық немесе көлденең (горизонтальный) түріндегі орта сериалдың қатарына енеді.

Көлемі жағынан ең ұзақ сериал – көбіне телероман болып келеді (ұзақтығы 26-52 минуттан аспайтын, 80-100 серияға құрылған) жазық немесе көлденең (горизонтальный) сериал түріне жатады, көбіне күндізгі тайм-слот уақытында үздіксіз көрсетіледі. Негізгі аудиториясы – үй шаруасындағы әйелдер. Телероман форматының басты ерекшелігі – маусымдық кезеңдерге тәуелді емес.

Ішкі құрылымы – әрекеттерді құру әдісіне негізделген. М.Л. Давыдов өзінің ғылыми еңбегінде әрекетті құрудың түрлерін «сериялы-сюжетті» және «толассыз-өтпелі» деп екіге бөліп қарастырады (Давыдов, 2013).

Сериалдың әрбір эпизоды аяқталған оқиғаға құрылуы бұл – сюжетті серия болып табылады. Мұндай сериал түрі өндірушілерге тиімді болып келгенімен, телеарналар үшін пайдасыз болып табылады. Бұл құрылым

маусымның танымал сериалы болуға ұмтылмайтын өнімдерге тән. Сериалы-сюжетті құрылымды сериалдар телеарналарда үнемі қайталана отырып, әр қайталауда аудиториясын кеңейте түседі. Көрермендерге ұмытып қалған, ұнаған немесе жіберіп алған сериалдарын қайта қарау ұнап жатады. Біздің кезегімізде айта кететін нәрсе, сериалы-сюжетті сериалдар үнемі үлкен сұранысқа ие болып, телеарналар рейтингін көтеріп отырады. Тік немесе сатылас (вертикальный) немесе аралас сериалдар түріне жатады. Көбіне детективті жобалар, атыс-шабыс жанрындағы және ситкомдар.

Толассыз-өтпелі түрінде сюжеттік желі барлық серияда жалғасын тауып, соңғы эпизодта нүктесін қояды. Сериалдың алғашқы сериясында бүкіл сериал желісі бойынша жүріп отыратын басты кейіпкердің негізгі мақсаты көрсетіледі. Көбіне мұндай мақсаттар келесідей болып келеді: өзінің жан тыныштығын табу, қылмысты тергеу, жанұялық тыныштық бақытын құру және т.б. Бұл құрылым өндірушіге де, телеарналарға да қауіптірек. Бірақ, табысты болса міндетті түрде маусымның хитіне айналып, ең үлкен рейтингті иеленеді. Бұл – жазық немесе көлденең (горизонтальный) сериал. Әдетте, олар мелодрама мен драмалар болып келеді.

#### 4. Жанр бойынша.

Жанр – бұл алғашында өнертану әлемінде шығармашылық туындыларды түріне қарай жіктеу мақсатында құрастырылған ресми ұғым. Жанр – өзіне ғана тән сюжетті және стилистикалық белгілерімен ерекшеленетін қандай да бір өнер түрінің шеңберіндегі шығарманың әртүрлілігі (Ефремова, 2000:78) Кейіпкерлер бейнесі және сюжетті заңдылықтар өзіне тән сюжет түрлерімен мағыналы қиын кезеңдерге құрылып, шығарманың тарихи қалыптасқан архетип анықтамасын берді.

Сериал өндірісінде жанр – қарастырылатын жобаның сюжетіне, біріктірілу әдісіне, нақты мақсатына, кейіпкерлер типажы мен жағдаяттарға байланысты айқындалады. Сериал жанрына байланысты телеарналардың қызығушылығын тудырып, көрермен аудиториясының қабылдауы мен коммерциялық табысын көрсетеді. Сондай-ақ, жанр жобаның эфирге шығару және көрсету уақытын айқындайды. Сондықтан, сериалдың

жанрлық құрылымы өндіруші компаниялар үшін де, телеарналар мен көрермендер үшін де басты рөл ойнайды. Бірақ, зерттеушілердің араласып немесе ауысып кетуі мүмкін жанрлардың көптеген түрін ашып көрсетуіне байланысты, сериал жанрларының жіктелуі аса шартты болып табылмайды. Жүйеленген бірізді жанрлар типологиясы құрастырылмаған. Біз сериал өнімінің негізгі сюжетінен алынатын әдеттегі және ескірген жанрларды атап өтеміз, ал келесі бөлімде оның әрқайсысына жеке тоқталып, өзектілігін айқындайтын боламыз.

Кез келген өнер түрі өзінің жанрлық жіктелуіне ие. Жанр жүйесі өзінің бастауын комедия, драма, трагедия сияқты Ежелгі Грекиялық шығармалардан алады. Кейінірек, бұл жанрлар әдебиетте, театрда, кинода өзгеріске ұшырап, соңында өзгеріске ұшыраған күйінде телесериалда қолданылды. Осы тарихи тізбектерден сериал жанрының өзгертушісі кинематография екені көрінеді. Сол себепті, кинодағы көп жанрлардың түпнұсқада болмаса да, телесериалдарға келген деп айтқан жөн болады. Бірақ, сериал өндірісінің біртіндеп дамуы мен оның телевизияның шыңына өрлеуі өзіндік жанр жүйесін қалыптастыруда. Біз, нәтижесінде жанрлардың дамуы туралы бар жинаған ғылыми білімімізді осы тарауда жүйелейміз. Жаңа жанрларды айқындауда кинематография жанрларымен ұқсастық принципін жүгінеміз. Жаңа жанрлық және жанрішілік құрылымдардың дамуымен қатар, сериал өндіріс жүйесінде ескі жанрлар түрленуге және жоғалуға ұшырауда. Түрленуге және жоғалуға ұшырап жатқан жанрлардың ішіндегі ең танымал және ұзақ сериал жанры созылмалы операдан бастауды жөн көрдік.

Созылмалы сериал (мыльная опера) – сериал өндірісінің негізін қалаған жанр. Атауы алғашқы сериалдардағы кір ұнтақ пен сабын өндірушілердің жарнамаларынан бастау алады (Procter Gamble, Colgate-Palmolive и Lever Brothers). Созылмалы опера – телеарна мен радиодағы сериалдар эпизодындағы сюжеттік желінің кезекпен баяндалуымен ерекшеленеді. Сценарий түсірілім барысында жазылып, серия саны айқын болмайды. Сол үшін де созылмалы операда ұзақтығы бірнеше күндер немесе айларға жететін бірнеше әрекеттер қатары орын алады. Келесі эпизодқа



қызығушылықты тудыру үшін сериал клиффхенгермен аяқталады. Сюжеттегі қиын-қыстау эпизодтарды ай аяғында аяқсыз қалдырып, оған ынтызарлығы артқан көрерменнің келесі айға да төлеп көруі үшін қолданатын мұндай амалдар көбіне жекеменшік телеарналарға тиімді. Сериалдың бұл түріне жай екпіндегі баяндау тән, өйткені көрермен бірнеше сериясын жіберіп немесе ортасынан бастап көру арқылы сериал сюжетін түсініп алады. Сонымен қатар, оларға сюжеттің драмалық және эмоционалдық сипаты тән. Драмалық жағдайлар жарыспалы сюжеттерде бір уақытта тұтанып және басылып қалады. Олар музыкалық сүйемелдермен ірі планда ерекшеленеді. Бұл жанрдың актерлар құрамы серия барысында бірнеше мәрте ауысу мүмкін, ал о дүниелік болып кеткен кейіпкер қайта тірілу мүмкіндігіне ие. Түсірілім әдетте павильондарда өтеді. Алғашқы созылмалы опералар күнделікті күндізгі уақытта шығарылып отырды, негізгі аудитория үй шаруасындағы әйелдер болды. Тұңғыш шыққан созылмалы опера «Жолбасшы жарық» 1937 жылдан алғашқыда радиода беріліп, кейіннен телеэкранға көшті. Ал, ең алғашқы телеарналық созылмалы опера «Фейрвей Хилл» 1946 жылы АҚШ-да дүниеге келді. Одан осы жанрдың танымалдығы артып, 1940 жылдан күндізгі коммерциялық эфирдің 90 % құрады. Мысалы, бірінші бөлімнің бірінші тарауында қарастырып өткен созылмалы сериалдарды алуға болады.

Теленовелла – бірі бұл форматты жеке қарастырса, екіншілері оны созылмалы операның бір түрі деп анықтама беріп жатады. Оның отаны Латын Америкасы болып саналады. Созылмалы операдан айырмашылығы, теленовелла ұзақтығы алдын ала айқындалып (3 айдан 12 айға дейін), сценарийі алдын ала ойластырылған оқиға желілерімен жазылады. Көбіне хэппи-эндпен аяқталады: басты кейіпкерлердің үйлену тойлары, сәбидің дүниеге келуі, отбасылардың татуласуы. Түсірілім барысында павильондар қолданылмайды десе болады, өйткені көбіне қала мен көше өмірі көрініс табады. Бұл жазық немесе көлденең (горизонтальный) біріктірілген сериал түрінде, қосалқы кейіпкерлердің өмірі мен қиындықтары қоса өрілетін негізгі басты сюжет көрсетіледі. Теленовеллалар романтикалық мелодрамалармен ұқсастық тауып жатады. Жұмыс күндері аптасына 5-6 рет

эфирде жарық көреді. Оның серия саны 22 мен 52 минут аралығын құрайтын 100-120 сериядан тұрады. Ең алғашқыда 1950-1960 жылдары теленовеллалар 15 пен 30 минут аралығын құрайтын 30 сериядан болды. 1970 жылдары серия саны 600-700-ге жетті. Оларды негізінен Аргентинада өндірді. Бұған мысалға, «Байлар да жылайды» сериалын және қазақстандық осы жанрда түсірілген «Аяулы арман» сериалын келтіруге болады.

Телероман – бұл әлемге әйгілі отандық және шет елдік классикалық туындыларды экранизациялау (Новоселова, 2013:102). Мысалы, Шерлок Холмс.

Ситком (англ. situation comedy, sitcom) немесе жағдаяттық комедия – бір немесе бірнеше әрекет орны бар, бірнеше тұрақты кейіпкерлері бар сюжеттерге құрылған, әр серияда бір оқиға баяндалатын комедиялық сериал (Молчанов, 2010:73). Жанр 1920 жылдары радиобағдарлама түрінде АҚШ-да пайда болып, 1970 жылдары телеэкранға көшті. Серия ұзақтығы 22 мен 26 минут аралығын қамтиды. Ситком әзіл мен пародиялық сипатқа ие. АҚШ-да сценарийді тұтас бір топ сценаристтер миға шабуыл жасау әдісін қолдана отырып бірге жазып, кейін жеке бір адам бәрін солардың артынан жинап жазады. Сонан соң әзілдер студияда көрермендер алдында тексеруден өтеді. Осыдан барып ситкомдарда қолданылатын кадр артындағы күлкі пайда болған. Мұндай әдіс өте қымбат саналатындықтан бізде және ресейде дайын жазылған дыбыстарды қолданып жатады. Ситкомның моделі – тосын жағдайларға тап болатын кейіпкер. Ұзақ ситкомдарды көбіне созылмалы операға балап жатады. 1951 жылы алғашқы «Я люблю тебя, Люси» («Мен сені сүйемін, Люси») телевизиялық ситкомы пайда болады. Мұндай жағдаяттық комедияның ситком-детектив, ситком-вестерн, өзге планеталықтар туралы ситком, суперкейіпкер және т.б. сияқты өзіне тән бірнеше жанрлары бар. Қазіргі таңда түсіріліп жүрген ситкомдарда шынайылыққа жақындау үшін, кадр сыртынан берілетін күлкі сирек қолданылады. Қазақстандық телеарналардың ішінде «31 арна» «Базарбаевтар» және т.б ситкомдарын ұсынуда.

Детектив, мелодрама, драма, фантастика, мюзикл жанрлары кинематография жанрындағыдай айқындалады. Серия саны мен кейіпкерлері әртүрлі болып келуі мүмкін, олардың айырмашылығы аудитория, сюжет, даму желісі мен финал.

Мелодрама – кинематографияға, театр өнеріне, көркем әдебиетке тән жанр. Мелодраманың табиғаты көрерменнің әртүрлі эмоциялық ахуалын тудыратын сюжеттік қиындықтармен ерекшеленеді. Бұл жанрдың негізгі міндеті – ер мен әйел арасындағы махаббат хикаясы, яғни кейіпкерлердің жеке өмірін суреттейді. Мелодрама жанрында түсірілген шығармалардың құрылымы махаббат пен жеккөрушілік, жарық пен қараңғылық, қайырымдылық пен зұлымдық сияқты көрерменнің сезімін оятуға құрылған қарама-қарсы қағидаларды ұстанады. Соңы хэппи-эндпен аяқталады. Мелодрама жанрындағы алғашқы қазақстандық сериал – «Тоғысқан тағдырлар» (1996-2000) болып табылады.

Романтикалық мелодрама немесе махаббат мелодрамасы – жанр ішіндегі жанрдың мақсаты махаббатты табу немесе романтикалық сезіммен күрес, рухани күйзеліс пен кейіпкерлердің қиналысы. Оқиғаның негізгі желісі бір әйел мен бір ер адамның махаббат тарихына құрылады. Соңында міндетті түрде ұзақ күттірген хэппи-энд орын алады. Мұндай жанрішілік жанрға мысалы ретінде аргентиналық «Жабайы періште», «Байлар мен танымалдар» шығармаларын келтіруге болады. Қазақстандық өнімдер арасында дәл осы анықтама аясында өте аз, бірақ барлық мелодрамалық сериалдардың оқиғалар желісінде кездеседі. Мысалы, «Махаббатым жүрегімде» туындысы.

Тарихи мелодрама – тарихи және мелодрамалық сериалдың қосындысы болып табылады. Екі тарихи жақын кейіпкердің күрделі қарым-қатынасы басты назарға алынады. Олар ойдан шығарылған болуы да мүмкін, немесе шынайы тарихтағы тұлғалар болуы мүмкін. Мысалыға, АҚШ мен Францияның бірлесіп түсірген жобасы «Наполеон мен Жозефина» мини-сериалы. Тарихи мелодраманы көбіне байопикке теңейді, өйткені екеуінің басты кейіпкерлері шынайы тарихтан алынып жатады.

Комедиялық мелодрама – мелодрама мен комедияның қосындысынан туған. Мұнда да негізгі сюжеттік желі бірін бірі іздеп жүрген немесе тапқан екі кейіпкердің айналасында өрбиді. Олардың өмірі әзілдік негізде көрсетіледі. Мұндай жанрдың кейіпкерлері көбіне бағбан, үй күтуші, қойшы, қарапайым адамдар болып келеді. Бұл жанршілік жанрда ғашықтардың әлеуметтік әлеуеті әртүрлі болуы өте сирек кездеседі. Комедиялық мелодрама мелодраманың басқа да жанршілік жанрлары сияқты таза күйінде іске аспайды, бірақ, телесериалдың сипатын айқындаушы болып табылады. Мысалы, латынамерикандық «Сен менің өмірім», «Коачелла» сериалдарын, отандық сериалдардан «Домашние войны» сериалын атауға болады.

Драма-мелодрама – драмалық және мелодрамалық жанрлар ерекшеліктерін сабақтастыру: адамгершілік және рухани мәселелерде қоғаммен өзара байланысы күрделі екі кейіпкердің өзара тұлғалық қарым-қатынастарын бейнелейді. Финал көбіне бақытты сәтпен аяқталады, бірақ оған жетуде драмалық және трагедиялық жағдаяттар көптеп орын алады. Бұл жанрға батыстық «Беверли Хиллз», «Өсекші» сериалдарын мысалға келтіруге болады. Қазақстанда бұл жанрдағы әйел көрермендерге арналған «Қыздар», «Қыз жолы» сериалдары бар.

Драма – әдетте адамның жеке өмірін, оның тұрмыстық қиыншылықтарын, шынайы жағдайы мен әлеуметтік қақтығыстарын суреттейді, мұнда нақты кейіпкерлердің іс-әрекетіне құрылған қақтығыстарға орын беріледі. Бұл жанрға бірден бір сипаттама бере алатын сериал «Өпке» туындысы.

Медициналық драма – драманың ішіндегі жанр. Ол 1994 жылы шыққан американдық «Жедел жәрдем» біздің көрермендерге «Доктор Хаус» атауымен таныс сериалдың шығуымен танымалдылығы артқан. Өндіруші компания қатерлі аурулардан қауіптенген америкалық қоғамдағы мәселені дәл тауып, аурухана қызметкерлерінің күрделі өмірлерін суреттейтін сериалды жарыққа шығарды. Хэппи-энд драмалық сюжеттің міндетті бөлімі болудан қалды. Өйткені, емделушілер өлім мен өмір күресінде көбіне жеңіліп жатты. Шынайылығы күн өткен сайын көрерменін кеңейтті. Көрерменнің қызығушылығын арттырған кейіпкердің жаңа типі трикстер

еді. Медициналық драма жанрында «Сізге дәрігер Ахметова жәрдемге келеді» сериалы түсірілді.

Драмеди немесе комедия-драма – трагикомедияның заманауи жанр ішіндегі жанры. Бұл жанршілік жанр америкалық телевизияда 1980 жылы пайда болды. Ең алғашқы бұл жанрдағы сериал «Ай жарығы» детективті агенттігі». Драмеди әзілдік негізде күрделі мәселелерді қозғайды. Атап айтсақ, әлеуметтік теңсіздік, ұлтқа бөлінушілік, дамушы феминизм және басқа да мәселелер. Ресейдің ғалымы М.Л. Давыдов өзінің ғылыми еңбегінде Драмеди жанрын қарастырады. Драмеди – сюжеттің қиын-қыстау кезеңі басты етіп алынатын, лирикалық комедия жанрындағы көлденең біріктірілген сериал түрі. Толассыз пайда болатын кейіпкерлер мен тұрақты әрекет орны, сериалдың басты сипаты болып табылады. Драмедидің сценарлық құрылымы өзгермелі, жағдай немесе қақтығыс бір серияда шешімін табуы да, сонымен қатар келесі сериалдарда жалғасуы да мүмкін. Драмеди жанрында Қазақстан режиссерлары мен продюсерлері тарапынан әлі түсірілмеді.

Тарихи сериал – сериал контентінде белгілі жанр және басқа жанрлардан ерекшелігі, шынайы түрде дамыды. Тарихи немесе костюмді сериал нақты тарихи кезеңді, оқиғаны және тұлғаны суреттейді. Бірақ, бірыңғай сюжетті өрістетуді мақсат тұтпайды. Бірыңғай тарихтың орнына көптеген кейіпкерлердің тағдырларының қиындықтармен, өзгелермен және өзара қарым-қатынастарының өрбуін ұсынады. Мұндай бағыттағы сериалдан көрермен мұражайға барғандай әсер алады. Біз өз кезегімізде тарихи сериалдардың көбісі ағартушылық қызметін атқаратынын айта кеткенді дұрыс санадық. Сериалды мұқият қараған адам өзінің жадында елінің немесе өзге елдің тарихы туралы ақпарат жазып алады.

Тарих туралы заманауи сериал кинофильмдерге қарағанда сенімдірек шығып жатады, өйткені жаңа технологияларды қолдана отырып көрерменімен түсінікті тілде сөйлеседі. Кинематографтағыдай тарихи сериалдың да бірнеше жанр ішінен қалыптасқан жанрлары бар:

- байопик – көп елдерде өте танымал жанрлардың бірі. Сюжет желісі

әрқашан шынайы тарихи тұлғалар мен олардың өмір жолдары немесе нақты драмалық сәтіне құрылады. Деректі жобалардан айырмашылығы, байопиктер толық нақты мәліметтерден тұра бермейді және көркем ойдан шығарылған оқиғалар тізбегін қамтиды. Бұл бағыттағы туындылардан отандық «Күләш», «Бауыржан Момышұлы», «Қасым», «Жамбыл», «Құстар әні» сериалдарын айтуға болады;

- шытырман оқиғалы тарихи сериал – өткен өмірден алынған ойдан

шығарылған кейіпкерлер арқылы шытырман шиеленісті баяндайды. Көбіне танымал романдардың экрандалуы арқылы іске асып жатады. Бұл бағыт көптеген детективті сериалдардың негізіне арқау болады. «Агата Кристидің Пуаросы» телесериалы жиырма жылдан астам уақыт экран алдындағы көрерменін үзбей келе жатқан детективті тарихи-шытырманды сериал. Бұл жанр ішіндегі жанрға қатысты Шерлок Холмс туралы барлық детективті сериалдарды қосуға болады;

- әскери немесе батальонды телесериал көтеген елдерде – тарихи

жанрдың ішіндегі кең тараған түрі. Сериалдың негізгі сюжеті басты күрес өтіп жатқан сахнадағы әрекеттер. Бұл жанр көп шығынды талап ететін жанр. Өйткені әскери техника, түрлі костюм және арнайы эффектілер қолданылады. Кеңестер одағында түсірілген алғашқы сериалдардың бірі «Вызываем огонь на себя» осы жанрдан саналады;

- «жамылғы мен семсер» сериалы – тарихи телесериалдың жанрішілік

жанры. Әдетте сериалдағы оқиғалар Еуропада XVI ғасырдың соңы XIX ғасырдың басында өріс алып жатады. Кейіпкерлері ойдан шығарылуы немесе өмірден де алынуы мүмкін. Негізгі құрамы динамикалық әрекеттер мен семсерлі шайқастардан тұрады. Аталған бағыттағы телесериалдарды түсіру қомақты қаражатты қажет етеді.

Детектив – бұл жанрдың сюжеті жұмбақ оқиғалар, жұмбақ жоғалулар және олардың ашылуы, қылмыскерлердің әшкере болуы туралы баяндайды. Оның ішінде: классикалық детектив, психологиялық детектив, классикалық детектив, тарихи детектив, мысқылды детектив, фантастикалық детектив, саяси детектив, полициялық детектив, тыңшылық детектив, қарыспа детектив.

Фантастика – шарттылық пен шынайылықтың шекарасын бұзып ғажайып таңғаларлық элементтерді қолданатын жанр. Мұнда шынайы өмірде болмайтын кейіпкерлер кездеседі. Аса танымал тақырып – вампиризм. Онда барлығы да болуы мүмкін. Сериалдың сюжетін жазу үшін сценарист бар ойқиялын қолданады. Кейіпкерлері қайта тіріліп, түрленіп, магиялық жолдармен жоғалып қайта пайда болып, жануарларға тіл бітіп адамға айналып кету және т.б. кездеседі. Фантастика – бұл, көптеген арнайы эффектілер мен анимациялардың қолдануына байланысты қымбат сериал болып саналады. Дегенмен, жанр барлық елде үлкен сұраныспен қабылданады. Рейтингі ең жоғары сериалдар АҚШ-да жасалады. Мысалға, «Вампир күнделіктері», «Шынайы қан», «Тылсым күштер» т.б. атауға болады. Қазақстанда бұл жанрдағы сериалдар таралмаған. Бірақ, «31 арна» түсірген «Адасқандар» сериалын салыстырып қарауға болады.

Мюзикл – әдетте диалог, музыка мен әнге құрылған музыкалық-көріністі шығарма. Сонымен қатар, хореографияға да аса мән беріледі. Бұл театр өнеріндегі өте табысты жанр. Кейіннен кинематографияға, соңынан сериалға келді. Батыста үлкен сұраныспен қабылданады. Алғашқы көпсериялы телемюзикл «Хор» 2009 жылы жарық көрді. Одан кейін жарық көргендері «Табыс», «Нэшвелл», «Империя». Қазақстанда бұл жанрда әлі түсірілмеген.

Комедиялық телесериал – бірден бір танымал жанр. Барлық сюжеттік желісі әзілдік бағытта өрбиді. Өмірдегі байсалды жағдайлардың бәрі мысқылданады. Бұл жанр жеңіл әрі көрермендердің сүйікті жанры болып табылады. Мысалы, «Q-елі» телесериалын айтуға болады. Бұл жанрдағы туындылар телеарналарда сирек шығады, бірақ оның ішіндегі жанрлар танымалдылыққа ие.

Скетч-ком (англ. Sketch show, Sketch comedy) – саны жағынан шектеусіз, ережеге сай әрқайсысы бір мен он минуттан аспайтын шағын қойылымдар мен көріністер. Скит (ағылш.*skit*) сөзі комедия түсінігі секілді анықтамаға саяды. Бұл – көрерменге арналған шағын пьесалар суреттемесі. Қазақстанда осы жанрда түсірілген «KZЛандия», «Q-елі» секілді туындылар қазіргі таңда аса танымалдылыққа ие болып отыр.

Өзге елдердің телевизия саласында тағы да бір ситкомның жанр ішіндегі жалғандеректі ситком жанры пайда болды. Ол адамдардың өмірін тура мағынасында әзілдік бағытта көрсетеді. Бұл жанрдағы қазақстандық сериалдар баршылық.

Веб сериал (ағылш.*Web series*) – ғаламтор желісі арқылы таратуға арналып түсірілген сериал түрі, алайда, соңынан телеарналарда жарық көруі мүмкін. Бір сериясы көбіне ве-эпизод деп аталады. Сериал жанрының бұл түрі тұжырымы жаңа болмағанымен сұранысы артып барады. Алғашқы 1995 жылғы «Қастандық: екінші ауысым» атты веб-сериалды түсірген американдық продюсер Скотт Закарин. Веб-сериалдарды қарқынды түрде өндіру 1997 жылдан басталады, бірақ, артынан қаржылық және технологиялық шектеулер кедергілеріне байланысты тоқтап қалады. Веб-сериалдардың жаппай түсірілуін ғаламтордың қолжетімділігінің артуымен байланысты қарастыруға болады. Бұл, тәуелсіз өндірушілер үшін таптырмас құралға айналды, өйткені, өнімдерін аз қаржыға түсіріп, ғаламтор арқылы тарату тиімді болып табылады. Соңғы уақыттары шетелдік ірі компаниялардың өзі ғаламторды өздерінің телевизиялық шоуларын, сондай-ақ, қандай да бір БАҚ-ын және ғаламторға арналған шоуларын жасауда қолданып отыр. 2004-2006 жылдары бірнеше тәуелсіз веб-сериалдар танымалдылыққа ие болды, солардың бірі – «Rooster Teeth Productions» компаниясы жасаған «Қызылдар көкке қарсы» сериалы. Ол осы уақытқа дейін ең ұзақ сериалдардың бірі болып саналады. Бұл сериалдар әдетте «YouTube» бейнематериалдар хостингі, сонымен қатар басқа да әлеуметтік желілер арқылы таратылады. «Қызылдар көкке қарсы» сериалы миллиондаған аудиторияны жинап, көрермен санын 100 миллионға жеткізген. 2006 жылы ғаламтор желісінде пайда болған «Сэмнің жеті досы»



сериалы Эмми номинациясын иеленіп, сериалдың құқығы Майкл Айснер компаниясына өтуіне байланысты ғаламтордан алынып тасталады. Веб-сериалдар тек АҚШ-да түсіріліп, танымалдылыққа ие емес, бұрынғы кеңестер одағында да үлкен сұранысқа ие. Мысалы, «The Best of Blogs» атты блогерлердің халықаралық байқауында «Үздік бейнеблок» аталымын жеңіп алған «Мистер Фриман» сериалы, XI халықаралық «Рыбий Глаз» кинофестивалінде «Синема» номинациясын жеңіп алған балаларға арналған «Күлкі Автобусы» скетчкомы, сондай-ақ, 2011 жылы «Үздік бейнеблок» аталымын иеленген «This Is Хорошо» танымал жобасын атап кетуге болады.

Қияли телесериал – АҚШ-да «Newsroom» телесериалының жарық көруінен кейін пайда болған жанр. Бұл сериал түріне қоғам үшін өзекті мінсіз бейнелерді көрсету жатады. Сериалдар әлеуметтік қиялдың жаңа формасы ретінде қарастырылады. «Newsroom» телесериал нағыз журналистиканың қандай болу керек екендігін суреттейді. Бұл жанр Қазақстанда әлі қолға алынбаған.

Заманауи сериал өнімінің жанрлық ерекшеліктерін зерттеу біздің жұмысымыздың басты міндеттерінің бірі болып табылады. Бірақ, оны зерттеуде сериал өндірісінің әртүрлі жанрларының тарихи болмысынан ажыратып қарастыру мүмкін емес. Тарихи-зерттеу әдісі телевизиялық өнімнің жаңа жанрларының бірі ретіндегі отандық телесериалдардың дамуын бақылауға мүмкіндік береді.

Телесериалдың жанрлық ерекшеліктерін толық қарастыру үшін үш кезеңге топтастырдық. Олар: эксперименталдық, бейімделу және қазақстандық өзіндік сериалдар кезеңі. Әр кезең өз кезегінде тек жаңа жанрлардың түзілуі арқылы ғана емес, олардың қалыптасуына американдық телевизияның әсері, әлемдегі экономикалық жағдайлар, телевизиялық нарықтың қаржылық мүмкіндіктері, жаңа технологиялардың құрылуы мен бағдарламалаудың әдісі арқылы сипатталады. Қандай да бір телесериал жанрын жасауда тек қана шығармашылық мүмкіндіктер ғана емес, аталған факторлардың барлығының тигізетін әсері бар деп есептейміз. Эксперименталдық кезең формат, жанр және кейіпкер бейнесін іздеу арқылы айқындалады.

Американдық телевизия үлгісіне сүйене отырып отандық сериял өндірушілер ситком, мелодрама, драма және детектив сияқты жанрларды жарыққа шығарады. Бірақ, 1990 жылдардағы тарихи оқиғалар аясында қылмыс тақырыбы басым болды. Отандық сериялдардың саны қазірде көп емес, сондықтан телеарналарда шетелдік сериялдар көрсетілімі жалғасуда. Атап айтсақ, үнді, түрік, корей, филлипин елдерінің өнімдері. Нәтижесінде, отандық контент құнының қарқынды өсуі және шетелдік сериялдардың жоғарғы рейтингі жаңа бейімделу формасының пайда болуына әкелді. Ал, келесі кезеңді бейімделу кезеңі деп белгіледік. Ол өз кезегінде отандық емес сериял контентінің үлесінің артуымен сипатталады. Өндірудің жаңа әдісін барлық сериял өндірушілер қолданады және бұл уақыт өзіндік сериял контентінің жанрлық саясатын айқындайтын кезең. Бейімделген телесериалдармен қатар, экрандарда шетелдік телесериалдар көрсетілімі жалғаса береді. Мемлекет тарапынан телевизиялық нарық бюджетінің көбеюімен өндірушілер тарихи драма, сериял-байопик, әскери картиналар түсіре бастайды. Үшінші кезең бейімделген және шетелдік сериял контентінің азаюымен сипатталады. Жаңа жанр мен жанрішілік жанрларды іздеу басталады.

### **Нәтижелер және талқылау**

Бүгінде телевизиялық сериял кез-келген аудиторияға арналған телеарнаның басты саясатының ажырамас бөлігіне айналғаны белгілі. Сонымен қатар, сериял көрермен назарын жаулау арқылы, кешкі эфирді қалыптастырудағы басты құралдардың бірі екендігі аян. Көпсериялы фильмдер мен сериялдар телевизияның «бағдарламалық» принципіне сәйкес, телеарнаға негізделген ойынды контент формасы болып табылады. Бұл туралы ресей зерттеушісі В.Демин «Многосерийный телефильм. Истоки. Практика. Перспективы» атты ұжымдық еңбектер жинағындағы мақаласында былайша атап көрсетеді: «Дәл соның өзі ішкі немесе сыртқы бағдарламалылық, бағдарламаның типологиясын тудырады» (Демин, 1976:5).

Ал, телеарнаның қызметі туралы сөз қозғағанда, әдетте оның негізгі бес қызметі аталады, олар: ақпараттық, мәдени-ағартушылық, интегративті, әлеуметтік-педагогикалық және рекреативті қызметтер.

Сериал рекреативті қызмет түріне кіреді. Бірақ, АҚШ-ғы күндізгі сериалдарды зерттеушілердің бірегейі Р.Аллен сериалды, әсіресе мелодраманы басқа телевизиялық бағдарламаларға қарағанда біріктіретін яғни, интегративті қызметке жатқызады. Оның пікірінше: «сериалды көру уақытындағы алған әсерінді талқылау арқылы рақаттануыңды ұзарта түсуге мүмкіндік береді» (Allen, 2003:1). Сондай-ақ, көпсериалы телевизиялық фильмдердің интегративті қызметі туралы ресейдің белгілі өнертанушысы Н.А.Хренов ғылыми мақаласында: «Көпсериалы телефильмнің табысты болуы көрсетілім уақытында (бірнеше күн және тіпті апта) адамдардың бірлігін ғана қалыптастырып қоймайды, сонымен қатар мүдделес адамдарды табыстырады» (Хренов, 1976:109) –деп жазған.

Телесериал көрермендерінің саны миллиондап саналады, ал олардың бюджеті миллиондарды құрайды. Оған деген сұраныс жоғары болғандықтан, сериал өндірісі артып келеді. Жыл өткен сайын сериал өнімі, табысты телевизиялық өнімге айналу жолында көптеген өзгерістерге ұшырады. Тақырыптар аумағының кеңеюі, сюжеттік желілерінің әралуандығы, жанрлық өзгерістерге ұшырауы – сериалдың өз көрерменін табуына және телеарнада орналасуына ықпалын тигізіп отыр. Бірақ, жанрдың заманауи жүйесін қазақстандық телеарналардағы телесериалдар жанрының даму тарихы контекстінсіз зерттеу мүмкін емес. Сондықтан, біз тарихи сараптау әдісін қолданып, сериал өнімінің жанрлық қалыптасуын жүйелеп, нәтижесінде тәуелсіздік алғаннан бергі уақыттағы экранда көрсетілген отандық сериалдардың эволюциясын анықтайтын боламыз. Жанрлық талдауды айқындау үшін біз отандық телеарналардан берілген сериалдардың дамуын үш кезеңге: эксперименталды, бейімделу және жаңа қазақстандық сериалдар кезеңі деп қарастырдық:

1. Эксперименталды: форматын, жанрын және кейіпкерін қарастыру. Бұл өз кезегінде түпнұсқалы сериал контентінің өндірісіндегі алғашқы

кезеңді (1996-2000жж). қамтиды. Ол, отандық «Тоғысқан тағдырлар» (1996 ж.) телесериалының жарық көруінен басталады. Тәуелсіздіктің алғашқы қиын жылдарындағы Алматы қаласының қарапайым тұрғындарының отбасылық тағдырлары арқылы елдің сол кездегі хал-ахуалы бейнеленді. Өткен дәуірдегі мемлекеттік қызмет атқарған адамдардың тұрмысы мен «жаңа» қазақтардың салтанатты үйлері қатар көрсетілген. Жаңа қоғамда қалай адамгершілікті жоғалтпай өмір сүру керек? Сериял сюжеті осы сұрақтың айналысында құрылған. Сериял ТМД елдерінің Медиа-форумының мәліметі бойынша 1998 жылдың үздік сериалы атанған.

Отандық сериалдар дамуының келесі қадамында бас кейіпкердің ер адам бейнесі болғаны қарастырылды. Ер адам мінезі көбіне детективті оқиғаларда, қауіпсіздік қызметкері жайлы фильмдерде, мафия немесе басқа да қылмыстарға қарсы мейірімділік пен зұлымдықты қарсы қойып, кейіпкердің мақсаты арқылы көздеген кедергілерге жететін желідегі туындыларда ашылады. Сол себепті, басты кейіпкер ер адамның бейнесіне аса мән берілген кезекті қылмыстық драма жанрындағы сериал «Саранча» жарық көрді. Эксперименталдық кезеңнің өзінде сериал авторлары, көрерменге таныс жағдайларда кейіпкердің бейнесін ашу үшін жанрішілік құрылымын қолданды. Деректілік пен салмақтылық әсері «Саранча» және басқа да сериалдардың жанрлық ерекшеліктеріне ықпалын тигізді. Қазақстандық экранға жаңа форманы шығару арқылы авторлар, сол уақыттағы өзекті мәселелерді қозғағанын көрсеткісі келді. Мелодрамалардағыдай кейіпкердің архетиптігі телесериалда да үлкен рөл ойнады.

XXI ғасырдың алғашқы онжылдығының соңына қарай драма жанрындағы сериалдар қайта жандана бастады. Солардың ішіндегі жаңа серпін бергені – «Ағайынды» телесериалы болды. Сериалдың көлемі шағын 6 серияны құрады, әр сериясының ұзақтығы – 56-57 минуттан. Бұл жоба бағдарламалардың көлденең орналастырылуы принципіне сәйкес, яғни прайм-тайм уақытында «Қазақстан» ұлттық арнасында тұсауы кесілді. «Sataifilm» кинокомпаниясымен бірлесіп іске асырған «Қазақстан» ұлттық

телеарнасының бұл жобасы телеарнаның рейтингіне айтарлықтай табыстар әкелген.

Бір ғана «Қазақстан» ұлттық арнасы бұдан кейін де отандық сериалдарды өндіруден алдыңғы қатарында болды. Айталық, 2011 жылға бұл арнаның қоржынындағы сериалдар саны 11-ге жетсе, 2012 жылы «Туған елдің түтіні», «Парыз, «Көк тарландары» сияқты телесериалдармен толықты. Сол уақыттан бүгінге дейін бұл арна «Ұлжан», «Айналайын», «Әпке», «Олимп шыңы», «Аяулы арман», «Қара шаңырақ», «Арман қанатында», «Арнайы өкілдер», «Судағы із», «Алтын ұя», «Әке», «Өмірдің өзі новелла», «Достар», «Сырғалым», «Жамбыл» т.б. туындыларды жарыққа шығарып үлгерді. Аталған туындылардың ішіндегі «Сырғалым» телесериалы көршілес ресей мемлекетіндегі Татарстан Республикасының «ТНВ» ұлттық арнасында да көрсетілді. Демек, ұлттық арна тек өндірумен ғана емес, шетелге шығарып табыс табу көзінде дұрыс жолға қоюды мақсат еткені көрінеді. Әзірге отандық сериал контентін шетелдік арналарға табыс табу жолында айтарлықтай нәтиже болмағанымен, кеңестік заманда пайда болған шетелдік сериалдарды сатып алуды әлі жалғастырып келеді. Ресей арналары арқылы көрсетілген латынамерикалық сериалдардан бастау алатын шетелдік өнімдердің бұл эксперименталдық кезеңдегі қазақстандық арналарда жалғасын тапқан түрік, корей елдерінің сериалдары болды. Оларда арналардың прайм-тайм (16:30-19:00, 19:00-23:00 ) уақытында көрерменге жол тартты. Сериалдардың хронометражы 30 бен 50 минут аралығын құрады. Мысалы, «Асау жүрек» (Түркия), «Бериван» (Түркия), «Ва-банк» (Корея) және т.б. Әлі де жалғасын тауып келе жатқан шетелдік сериалдарды сатып алу үрдісі қазіргі таңдағы қазақ сериалдарының бір эпизодын өндіруге кететін шығыннан (20-35 мың АҚШ доллары) ондаған есеге арзан деп бағалайды мамандар. Шетелдік өнімді сатып алу қазақстандық көрермен үшін де, телеарналар үшін де бір табыс көзіндей болды. Бұл моделді экономикалық жағынан да шығынды азайту мақсатында пайдаланып келеді. Отандық сериалдардың эксперименталдық кезеңі сериалдың бейімделу кезеңінде аяқталады.

2. Бейімделу кезеңі: жанрлары мен форматының өзгеріп отыруымен сипатталады. Бұл кезең «Ангелочек», «Ағайынды» телесериалдарымен бастау алатын 2000-2015 жылдарды қарастырады. «Ағайынды» туындысынан кейін жаппай сериалға деген сұраныс артып, түсірілімдер қолға алынады. Маусымдық шығарылымдар деген түсінікте осы сериал арқылы танылады. Ол кезеңдегі сериалдардың саны жағынан 6-дан 18-ге дейінгі аралықта болса, хронометражы 30-57 минут аралығында болды. Олардың ұзақтығы туындының жанрына байланысты айқындалып отырды. Сериалдарды телеарналарға бейімдеудің көшбасын «Қазақстан» ұлттық телеарнасы мен «Хабар» агенттігі бастайды. Жекелеген компаниялармен бірлесе отырып «Қазақстан» ұлттық телеарнасы мен «Хабар» агенттігі көптеген телесериалдарды жарыққа шығарды.

Бейімделген телесериалдармен қатар, телеарналарда отандық өнімдер де жарық көрді. Көбіне мелодрамалық телесериалдардың танымалдылығы арта түсті. Негізгі көрермендері әйелдермен қатар жастар да болғандықтан, мелодрама жанры қазақстандық телеарналарда мықтап орныға бастады. «Астана – махаббатым менің» (2010, «Хабар» агенттігі) секілді туындылар жарық көрді.

Сонымен қатар, қазақстандық телеарналарда тарихи сериалдар да көріне бастады. Алғашқылардың бірі болып түсірілген «Еуразия» арнасының тұсаукесері – «Қасым». Ұлы отан соғысы жылдарындағы қазақ батырының ерлігін баяндайтын өнімді жарыққа шығаруда «Еуразия» Бірінші арнасымен қатар, «Қазақстан» ҰТПК, «КТК» телеарнасы, сондай-ақ, INTRA Communication LTD (Ресей), FILM UA GROUP (Украина) кинокомпаниялары атсалысты. Туынды тек отандық көрермен назарына ұсынылып қоймай, Ресей мен Украина, Еуропаның Франция, Бельгия, Швейцария сияқты елдерінде көрсетілді.

Байопик (немесе өмірбаяндық фильм) – белгілі тұлғаның бүкіл тағдырын немесе оның өміріндегі маңызды драмалық сәттерін бейнелейтін кинематографиялық жанр (немесе жеке көркем шығарма). Болған оқиғалар негізіндегі немесе тарихи фильмдердер айырмашылығы, өмірбаяндық-фильмнің мақсаты болған дәйектер мен оқиғалардың тарихилығын емес,

алынып отырған тұлғаның сол әрекеттердің тууына әсері жайында болып келеді. Өмірбаяндық-сериал жанры телевизия саласына кинематографиядан келген. Осы бағыттағы сериалдарға отандық «Күләш» (2013, «Хабар» агенттігі), «Бауыржан Момышұлы» (2013, «Қазақстан» ҰТРК) туындылары қосылады. Бірақ, бұл сериалдарды үшінші кезеңге жатқызамыз.

Батальондық немесе әскери фильм жанры өз бастауын кинематографиядан алады. Мұндай жанрдағы алғашқы сериалдар қатарында «Жас ұлан» (2010, «Қазақстан» ҰТРК) өнімі бар.

Сонымен қатар, отандық өндіруші компаниялар отандық ситком жанрындағы туындыларды жасауды қолға алды. Олардың қатарында «Айналайын» (2013, «Қазақстан» ҰТРК), «Побег из аула» (2011, «7 арна») және т.б. атауға болады.

3. Қазақстандық өзіндік сериалдар кезеңі: бейімделген сериалдардың азайып, эфирге шығу жағынан мол үлеске ие болған отандық сериалдармен сипатталады. 2010 жылдардан басталып қазіргі уақытқа дейін жалғасып келеді. Біздің пікірімізше дәл осы уақыттан қазақстандық көрермендердің қызығушылығын арттырған отандық өнімдер сан жағынан арта түскен. Алдыңғы екі кезеңдегі сараптауда телеарналар туралы, ондағы қандай өнімдердің көрермендер талғамынан шығатыны айқындалды. Сериал өндірушілері шетелдік жобалардан көп машықтарды үйреніп, өздерінің ойларын қосып, сапалы дүние жасауға ұмтылуда. Бұл кезеңде отандық сериал контентінің жанрлық ерекшеліктері қалыптасуын жалғастырды. Сонымен қоса телеарналардағы сериалды орналастыру уақыттарына да өзгерістер енді. Көрермендерге қызықты жанрлар, олардың өзгеруі айқындалып келеді. Телеарналар рейтинг кестесіндегі стратегиясын өзгертті. Сериал өнімін сатып алуда телеарналар көптеген қырынан талаппен келіп, олардың эфирде орналасуына айрықша мән бере бастады. Бұған себеп тек рейтинг емес, тауардың сапасы, арнаның саясаты мен аудиторияның пікірі, сонымен қатар, технологияның дамуы өз әсерлерін тигізбей қоймады. Сериалдар көңіл көтеру қызметінен телевизиялық ауқымды аудиторияны, кинотеатр көрермендерінің санасын жаулап алуға бағытталып келеді. Бұған

телесериалдың телевизиялық өнімі ретіндегі жанрлық ерекшеліктерін отандық өнімдер «Тағдырлар тоғысы», «Базарбаевтар», «Біздің ағай», «Махаббатым жүрегімде», «Тағдыр», «Сырғалым», «Аяулы арман», «Ауыл сақшысы», «Адасқандар», «KZЛандия», «Q-елі» және ресей мен батыстың Misfits («Тастанды»), Skins («Шики өкпе»), House, M.D. («Доктор Хаус»), Scrubs («Емхана»), «Әкесінің қыздары» («Папины дочки»), «Ворониндер» («Воронины»), «Жолбасшы жарық», «Фейрвей Хилл», «Я люблю тебя Люси», «Вампир күнделіктері», «Шынайы қан», «Тылсым күштер», «Хор», «Табыс», «Нэшвелл», «Империя», «Қастандық: екінші ауысым» сериалдары мысал бола алады.

### **Қорытынды**

Тарихи-зерттеу және талдау әдісі арқылы сараптау нәтижесінде келесі қорытындыға келдік. Телефильмдердің телесериалдардың пайда болуына ықпалы болғаны анық. Телесериал өзінше бірқатар өнер түрлерін біріктіре отырып, жаңа жанрлық құрылым жасаған жинақталған жанр деп атауға болады. Сериал өнімі жанрларының көпшілігі кинематографиядан келген, фильмдердің жанрлық ерекшеліктері контексті арқылы жаңа жанр мен олардың ерекшеліктерінің дамуын қарастыруға мүмкіндік туады. Бүгінге дейін телесериалдардың пайда болуы және дамуы туралы іргелі еңбектің болмауы себепті, біз, өз кезегімізде мәдениет қызметкерлері, телевизия мамандарының ғылыми еңбектерінен алған білімімізді жүйелеп, ұқсастық әдісі арқылы жаңа жанрлық және жанрішілік формаларды талдап, олардың жан-жақты жіктелуін зерттедік. Телесериал бай жанрлық ерекшеліктері бар, қарқынды дамып келе жатқан телевизиялық өнім. Дегенмен, қоғамда ерекше орын алатын, көрермендерге үлкен әсер бере алатын, тәрбиелік және ағартушылық маңыздылығы бар медиөнім ретінде телесериалдар әлі де терең және жан жақты зерттеуді қажет ететіндігін айтқан жөн.

### **Extended Abstract**

In the past, knowledge about life and culture was written in literature, and later, from the second half of the 20th century, television products became a source of information about modern life. As a screen product, the television series was



formed in the 1960s of the last century and, developing in the internal competitive society of the West, had its influence on the television dramaturgy of the former USSR. Increasing demand for serials in a multichannel and interactive society, this screen product distribution has been expanding in recent years through digital television and Internet networks. Currently, the TV series industry is well developed in many countries.

TV series is a collective genre of media product that combines the characteristics of fullfledged forms of art. Despite its simplicity, the series is a multi-stage product. A television series is a mass media that can satisfy the interests of a TV channel due to its unique plot, coverage of a wide audience as part of mass culture. Today, the number of viewers of television series is in the millions, and their budget is in the millions. Due to the high demand for it, mass production is increasing. The series has gone through many changes over the years on its way to becoming a successful television product. The expansion of the territory of the subject, the variety of storylines, the susceptibility to genre changes - contribute to the series finding its audience and taking a special place on the TV channel. At the same time, it is clear that a significant political and ideological burden is added to the film industry, and films and series cannot be made without the participation of interested political actors. These facts determine the role and relevance of the series in the development of society. In some countries, social workers point out the negative aspects that the series brings to human psychology and society, and consider it one of the main serious problems of modern times.

This study attempts to comprehensively study modern television series as one of the powerful tools that influence the formation of mass consciousness, social and cultural values of society. Qualitative and quantitative methods were used to study the aspects mentioned in the title. Research is based on data sources that determine the historical, social and cultural indicators of the social and artistic spheres. In addition, systematic, analytical and statistical analysis methods were used during the research. As a result of analysis using the method of historical research and analysis, came to the following conclusion. Due to the lack of fundamental work on the emergence and development of television series, we, in our turn, systematized our knowledge from the scientific works of television

specialists, analyzed new genre and intragenre forms using the method of analogy, and studied them. It should be said that television series as a media product that has a special place in society, can have a great impact on viewers, and has educational and educational importance, still needs a deep and comprehensive study.

#### **Пайдаланған әдебиеттер:**

Allen R. Introduction/To Be Continued: Soap Operas Around the World. London, 2003. 408 p., PP. 1-27

Демин В.П. «Достижение и надежды» // Многосерийный телефильм. Истоки, практика, перспективы. – Москва: «Искусство», 1976. – 254 с. С5-21

Давыдов М.Л. Типология телевизионных многосерийных художественных фильмов // Вестник электронных и печатных СМИ. – Выпуск №7. — URL: <http://www.ipk.ru/index.php?id=1583> (сайтқа кірген күн: 23.09.2022).

Ефремова Т. Ф. Новый словарь русского языка. Толково-словообразовательный. – М.: Русский язык, 2000. – с.78

Молчанов А. «Букварь сценариста: как написать интересное кино и телесериал». – Москва: «Риор», 2010. – 73 б.

Новоселова Е.С. «Сравнительный анализ технологий производства многосерийного телефильма и телесериала в России».Диплом.работа. Нац. исслед. университет Высшая школа экономики. – Москва, 2013. - 102

Хренов Н.А. «Восприятие многосерийного телефильма как социально-психологическая проблема» // Многосерийный телефильм: истоки, практика, перспектива. – Москва: «Искусство», 1976. – 254 с. С.109-131